

Егемен Қазақстан

 **Егемен.kz**

КӨКЕЙКЕСТІ



Арал қайта оралады

Жақында әлеуметтік желіде тараған бір видеодан Арал теңізі айдыны ортаймаған кезіндегі жағалауында иін тірескен кемелерді көрдік. Ине шаншар жер жоқ-ау. Айлақта иін тірескен кемелердің арасынан санылау тауып шығудың өзі қиын. Жүзін теңіз тұзы шайған капитандар әртүрлі дауыстағы гудоктарын бақыртып, өне бойын тер жуған боцмандарына жедел қимылдап, жағадан ашық теңізге шығу үшін дауысы қарлықанша айқайды салғаны анық. Кемеңің екі жақтауын кемерлеген балықты қабылдау орындарына өткізіп, мұрты майланған теңізшілер күнге күйіп тотыққан жүздеріне нұр үйіріліп, масаттанып аппак тістерін көрсетіп аксия күлген шығар-ау...

Бақтияр ТАЙЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Қиялға ерік берсеңіз Аралдың сондай шат-шадыман кезіне осылай сапар шегесіз. Сол теңізшілер күндердің күнінде толқыны жағалауды соғып жататын ұлы теңіздің тартылып, дүниежүзілік апатқа ұрындыратынын үш ұйықтаса да түстерінде көрген жоқ-ау, сірә.

Бүгінде Арал тек жағалауында отырған Қазақстан, Өзбекстан сияқты мемлекеттердің ғана емес, әлемнің бас ауруына айналды. Дүние жүзінің экологтары Аралдан ұшқан тұз мәңгі мұздақ Арктиканың, Гималай мен Қаракорым тауларының мұздарын ерітіп жатыр деп дабыл қағуда. Бір кездері пенденің қолымен жасалған білместік, қатыгездіктің зардабы сол адамдардың өзіне табиғи апат болып айналып соққан жайы бар.

Әйтсе де бүгінде Аралды сақтап қалуың шарасы әлемдік деңгейде жүргізіліп жатқандығы көңіл қуантады.

Орталық Азиядағы трансшекаралық су ресурстарын басқару бағдарламасы аясында жақында Қызылордада Халықаралық Аралды құтқару қорының еліміздегі Атқарушы дирекциясы, халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Германия қоғамдық қоры (GIZ) және Қызылорда облысы әкімдігі арасында «Солтүстік Арал теңізінің балық қорын сақтау, қорғау және оны дамыту, Арал-Сырдария бассейндік кеңесінің әлеуетін арттыру» жобасын жүзеге асыру туралы үшжақты меморандумға қол қойылды.

Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Бақытжан Намаев

GIZ «Орталық Азиядағы су ресурстарын трансшекаралық басқару» бағдарламасының басшысы Каролина Милов пен Халықаралық Аралды құтқару қорының еліміздегі Атқарушы дирекциясының директоры Болат Бекниязбен кездесіп, Сыр өңірінің экологиялық және әлеуметтік экономикалық проблемаларын шешуге қосқан елеулі үлестері үшін алғысын білдірді.

«Көкарал бөгетінде балықты қорғау құрылысының болмауына байланысты жыл сайын балықтар жаппай қырылуда. Соның салдарынан 2017 жылы 200 тонна балық шабақтары қырылды. Сол себепті «Солтүстік Арал теңізінің балық қорын сақтау, қорғау және оны дамыту, Арал-Сырдария бассейндік кеңесінің әлеуетін арттыру» жобасы аймағымыз үшін аса маңызды. Біздің ынтымақтастығымыз алдағы уақытта да табысты болып, экологиялық жағдайды жақсартуда және аймақ тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруда қажетті нәтижелерге қол жеткізетінімізге сенімдіміз», деді облыс әкімінің орынбасары.

Жобаның негізгі мақсаты Солтүстік Арал өңірі балық қорларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сақтау және дамыту, су ресурстарын интеграцияланған басқару принциптерін одан әрі дамыту және тәжірибеге енгізу, су шаруашылығы және бассейндік құрылымдарды материалдық-техникалық қамтамасыз ету деңгейін жасқарту, Арал-Сырдария бассейндік кеңесінің әлеуетін арттыру, қызметін жандандыру, сондай-ақ халықтың экологиялық сауаттылығын

жоғарылату және жоба аясында тиімді ынтымақтастық орнату болып отыр.

Меморандумға сәйкес, Халықаралық Аралды құтқару қорының Қазақстандағы Атқарушы дирекциясы балық қорғау қорының жұмысының жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлейді, германиялық қор жобаны қаржыландырумен айналысады. Ал облыс әкімдігі жобаны іске асыруды қолдау шараларын және ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

Қазақ «орнында бар оңалады» дейді. Жағалаудан шығандап кеткен Арал теңізінің қазақстандық бөлігіне мемлекеттік қолдау арқылы жан бітіп жатыр. Жақында Қамбаш көлі жағасында балықшылардың слеті өтті. 2015 жылдан бері ұйымдастырылып жүрген слетке республикамыздың бірқатар өңірінен өкілдер келді.

Аралдық Жұмабек Табынбаев слет қарсаңында теңіз тағдыры жайлы оның кеңесі мен бүгінгісін қосып толғаған екен.

«Теңіз тартылған тоқырау кезең Арал перзенттерінің жадында қорқынышты түстей сақталып қалды. Сол қиын-қыстау тұста балық шаруашылығы орасан күйзеліске ұшырады. Балық өндейтін кәсіпорындар, балық аулайтын шаруашылықтар жаппай жұмысын тоқтатты. Теңіз суының тұздылығы көбейіп, балық аулау мүлдем тұралады. Арал теңізінің солтүстігінен бар-жоғы 400 тонна камбала глосса аталатын бір ғана түрі ауланатын халге жетті. Ата кәсібінен қол үзген өңір тұрғындары тіршілік қамын жасап, жан-жаққа амалсыздан қоныс аударды. «Өлмегенге өлі балық жолығады» деген бар. Торғайдай тозып кеткен теңіз перзенттерінің көңіліне Елбасының тікелей қолдауымен жүзеге асқан САРАТС жобасының алғашқы кезеңі үміт отын жақты. Кіші теңіздің қалпына келуі, Көкарал бөгетінің салынуы, Ақлақ тоспасын жасау ата өңірді қайта түлетті. Теңіздегі балық қоры молайды. Сырдария өзенінен Кіші Аралға құйылатын судың көлемі артты. Теңіз деңгейі Арал қаласына біршама жақындады.

Сырдария өзенінен биологиялық түрлер, жан-жануарлар мен балық мөлшері қалпына келе бастады.

Сондай-ақ көптеген ірі көлдердің қалпына келуі балық шаруашылығының жандануына жол ашты. Теңізде бұрын жойылып кеткен балықтың 14 түрі қайтадан өсе бастады. Балық аулау көлемі 2000 жылмен салыстырғанда 20 есеге өсті. Биыл Кіші Арал теңізінен 6678 тонна, Қамыстыбас көлдер жүйесінен 335 тонна, Ақшатау көлдер жүйесінен 23 тонна, Приморский көлдер жүйесіне 31 тонна балық аулауға рұқсат беріліп, аудан бойынша барлық лимит 7067 тонна болып бекітілген.

Бүгінгі таңда Арал өңірінде 7 балық өңдеу зауыты жұмыс істейді. «Арал балық өңдеу зауыты», «Арал СДО», «Камбала балық», «СДО Қарашалаң» ЖШС-нің балық өңдеу зауыттары балықты терең өңдеумен айналысса, «Бөген СДО», «Қуаныш», «Ар-М-Кон» шағын балық өңдеу зауыттары балықты қатыру, мұздату және ыстау сияқты жеңіл өңдеумен шұғылданады. Балық өңдеу саласындағы 31 балықшы бригадасында 405 адам еңбек етеді. Балықшылар бригадасы өздігінен жүретін, өздігінен жүрмейтін флот, үлкен және шағын кемелер, құрма, кермеше ау, жылыммен қамтамасыз етілген. Слет барысында кемелердің шеруін тамашалаған жан керемет көрініске куә болары анық», дейді ол.

Қамбашта өткен слеттің бірінші күні «Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы» ЖШС Арал филиалы базасында «Тауарлық балық шаруашылықтарын дамытудың мүмкіндіктері» атты ғылыми-практикалық конференция өтті.

Екінші күні слетке қатысушылар балық өнімдері көрмесімен және аймақтың балық шаруашылығының даму тарихынан сыр шертетін жәдігерлермен танысып, саланың үздіктері мен ардагерлерін марапаттау рәсіміне қатысты.

V балықшылар слетінің ашылу салтанатында облыс әкімінің

орынбасары Бақытжан Намаев өңірдегі балық шаруашылығының дамуы туралы айтты.

«Кеңес заманында Арал өңірінен 8 Кеңес Одағының Батыры, 21 Социалистік Еңбек Ері, 2 Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты шыққанын мақтанышпен айта аламыз. Бүгінде де теңіз дауылына желкенін жықпай, өмір соқпағына мойымай ата кәсіпті жалғастырып жүрген балықшылар баршылық. Осы ретте, нарықтық экономика заманында балықшылардың басын біріктіріп, ел игілігіне қызмет етіп жүрген Нұрбек Әйімбетов, Аманбай Ерхатов, Төрбек Игілікөв, Батырхан Пірекеев, Табын Аленов, Шүкірбай Абдуалиев, Ақылбек Байқошқаров, Сәрсенбай Қошқарбаев деген жұмыс орындарын ашып, өнімдерін алыс-жақын шетелдерге шығарып, облыс экономикасына қомақты үлестерін қосып отыр», деді Б.Намаев.

Слеттің ашылу салтанатында Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің төрағасы Қайыр Рыскелдинов пен Қазақ КСР балық шаруашылығының экс-министрі Құдайбергенов Саржанов сөз сөйледі.

Қызылорда облысы республикада балық шаруашылығы дамыған өңірлердің бірі. Облыс балық аулау, өңдеу көлемі бойынша республикада 3 орында келеді. 2019 жылдың 6 айында облыс бойынша 2397 тонна балық ауланып, республикалық бюджетке 53 млн теңге қаржы түсті. Бүгінде облыс бойынша жылдық қуаты 11 мың тоннадан асатын 8 балық өңдеу зауыты жұмыс істеп тұр. Балық өнімдерінің 13 түрі шығарылып жатыр.

Соңғы 5 жылда балық өнімдері экспортының көлемі 9 есеге артты. 2018 жылы облыстан 3804 тонна балық өнімдері экспортталса, осы жылдың 6 айында экспорт көлемі 2406,5 тоннаны құрады. Балық өнімдерін Ресей, Польша, Голландия, Украина, Әзербайжан, Қытай елдеріне экспорттауда.

Слетте мемлекет және қоғам қайраткері, Арал ауданының Құрметті азаматы Құдайберген Саржанов «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сыр еліне сапарында Арал теңізіне көңіл аударатынын айтты. Келешек Аралдың жағдайы жақсы. Ол үшін біз қолымыздан келген көмегімізді көрсетуіміз керек. Облыс басшыларының арқасында аталған слет 5-інші рет өткізіліп отыр. Сондай-ақ облыс әкімдігінің ұйымдастыруымен Арал теңізінің күні де 2 рет аталып өтті. Мұның бәрі – Арал қасіретіне әлемнің назарын аударту деген сөз. Қазір жұмыс жүргізіліп жатыр, мұндай слеттің баламасы жоқ» деді.

Теңіз жағалай орналасқан Қамбаштағы тоғанда балықтың бірнеше түрінің тұқымы көбейтіліп жатыр. Басшысы кезінде айтулы балуан болған, Азия чемпионатының жеңімпазы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Нұрғабил Құланов. Жағалаудағы бірнеше каналдарда өсіріліп, шынашақтай болған кезінде млрд-таған шабақтар Кіші Аралға жіберіледі.

«Кіші Аралдың қалпына келуіне Қазақстанның Тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өлшеусіз еңбек сіңірді. Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімі болған, бүгінде Президент Әкімшілігінің басшысы Қырымбек Көшербаев елеулі еңбек етті. Бүгінде осы жұмыстар облыс әкімі Қуанышбек Ысқақовтың тарапынан жақсы нәтижесін табуда. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Сыр еліне келген сапарында Арал теңізі мәселесі күн тәртібінен түспейтіндігін айтты. Яғни, болашақта Арал еліміздің көз қуанышы болады», дейді Нұрғабил Құланов.

«Көкарал» бөгетіндегі күрмеулі мәселелер шешілсе теңізде балық көбейеді. «Бақасы қойдай шулаған, балығы тайдай тулаған» Арал теңізі қалпына осылай келіп жатыр.

Қызылорда облысы